

Микроқаржылық қызметті лицензиялау қағидаларын, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 23 қарашадағы № 108 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 8 желтоқсанда № 21731 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараныз.

"Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 4 -4) тармақшасына, "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 2-тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Микроқаржылық қызметті лицензиялау қағидалары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Есептік тіркеуден өту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептік тіркеуден өту, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізу және тізілімнен шығару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 наурыздағы № 21 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 20163 болып тіркелген, 2020 жылғы 25 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) "Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 55 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20549 болып тіркелген, 2020 жылғы 30 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 2-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Банктерді реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
2020 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің

Микроқаржылық қызметті лицензиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Микроқаржылық қызметті лицензиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң) 12-2-бабы 1) тармақшасына, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 27-бабы 1) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 12-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті орган) микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер және ломбардтар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) жүзеге асыратын микроқаржылық қызметті лицензиялау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру тәртібі

2. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы "жеке кабинетке" жіберген кезде нәтиженің алынған күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылып тұрады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-1. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар басшы қызметкерлердің құрамында орын алған өзгерістер туралы уәкілетті органға олардың тағайындалған (сайланған), басқа лауазымға ауыстырылған немесе олармен еңбек шарты бұзылған (өкілеттіктері тоқтатылған) күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлайды. Басшы

қызметкерлердің құрамында орын алған өзгерістер туралы мәліметтер растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жіберіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес ұсынылатын растайтын құжаттардың көшірмелерінде тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан босату (өкілеттіктерін тоқтату) күні болмаса, онда микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлерін тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру немесе жұмыстан босату (өкілеттіктерін тоқтату) күні микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның уәкілетті органының шешім (бұйрық) қабылдау күні немесе шешімде (бұйрықта) көрсетілген оқиға басталған күн болып саналады.

Ескерту. 2-тарау 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-2. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерін сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықты орындағаны үшін қылмыстық, әкімшілік жауапкершілікке тартқан жағдайда микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым бұл ақпарат микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымға мәлім болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды.

Ескерту. 2-тарау 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтінішті (бұдан әрі – лицензия беру туралы өтініш) және Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-1. Жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін (артықшылықты акцияларын шегергенде) акцияларының он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иеленетін ірі қатысушы (ірі акционер) (бұдан әрі – ірі қатысушы (ірі акционер)) Қағидаларға 2-1 және 2-2-қосымшаларға сәйкес ақпарат ұсынады.

Ескерту. Қағида 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын, Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасының өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқ екендігін растайтын, сондай-ақ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды тұлғалары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуға не апостильдеуге (Қазақстан Республикасының бейрезидент жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда) жатады. Көрсетілген құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариат куәландыруға тиіс.

5-1. Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері лицензия беру туралы өтініш түскен күні оны қабылдау мен тіркеуді және көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты құрылымдық бөлімшесіне (бұдан әрі – жауапты бөлімше) орындауға жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Жауапты бөлімшенің қызметкері лицензия беру туралы өтініш түскен және оны тіркеу күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға өтінішті бұдан әрі қараудан бас тартуды жібереді.

8. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшенің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ішінде ұсынылған құжаттарды Қағидалардың 5-тармағының, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағы 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, микроқаржылық

қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы бұйрықтың жобасын не микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруден дәлелді бас тартуды дайындап, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қарауына жібереді.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыны лицензия беруден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстаным білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы бұйрықтың не микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруден дәлелді бас тартудың жобасына қол қояды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы тиісті шешімді қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушыға микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиямен қоса, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы хабарламаны не микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруден дәлелді бас тартуды жібереді.

Порталда лицензияның электрондық көшірмесімен қоса микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны беру туралы хабарлама не микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруден дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.09.2021 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруден бас тартылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Заңның 15-бабының 2-тармағында көзделген шараларды қабылдайды.

10. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны береді.

3-тарау. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу, телнұсқасын беру, оның қолданысын тоқтата тұру не тоқтату тәртібі

11. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу Заңның 14-бабының 2-тармағында, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 33 және 34-баптарында белгіленген негіздер бойынша және тәртіптен жүргізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2021 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Лицензияны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішпен (бұдан әрі – лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш) не жарғылық капиталдың ұлғаюына алып келетін, орналасқан жері өзгерген, қызмет түрінің, ұйымдық-құқықтық нысанның өзгерген (қайта құру), көрсетілетін қызметті алушының бөлініп шығуы, бөлінуі нысанында қайта ұйымдастырылған кезде Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішпен көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы электрондық түрде жүгінеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш келіп түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және жауапты бөлімшеге орындауға жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

14. Жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш тіркелген күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

15. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімше көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындап, жібереді.

16. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталғаннан кейін жауапты бөлімше мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ішінде құжаттарды олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу немесе

микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тарту туралы бұйрықтың жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамына қарауға жібереді. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы бұйрықтың жобасына немесе микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуға қол қояды.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыны лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдау өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер болған кезде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті қарау мерзімі лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті дұрыс қарау үшін мәні бар нақты мән-жайларды белгілеу қажеттілігіне байланысты көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен ақылға қонымды мерзімге, бірақ 2 (екі) айға дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы өтініш беруші мерзім ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабының 3-тармағына сәйкес хабардар етіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.09.2021 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы тиісті шешім қабылдаған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі шегінде) порталда көрсетілетін қызметті алушыға қайта ресімделген лицензияның электрондық көшірмесін қоса бере отырып, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы хабарламаны не микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуды "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жібереді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның телнұсқасын беруге өтініш келіп түскен кезде (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса), көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарларды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның телнұсқасын беруге өтініш келіп түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және жауапты бөлімшеге орындауға жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімше 2 (екі) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі шегінде) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия телнұсқасының жобасын (бұдан әрі – лицензия телнұсқасы) не бас тартуды дайындайды, лицензия телнұсқасына не көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының бас тартуына қол қояды, порталда көрсетілетін қызметті алушыға лицензия телнұсқасының электрондық көшірмесін қоса бере отырып, лицензияның телнұсқасын беру туралы хабарламаны не лицензияны беруден бас тартуды "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жібереді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданысын тоқтата тұру не көрсетілетін қызметті алушыны лицензиядан айыру Заңның 16-бабында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

20. Көрсетілетін қызметті берушінің микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданысын тоқтата тұру не одан айыру туралы шешімі көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға орындау үшін жіберіледі. Қабылданған шешім туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

21. Көрсетілетін қызметті алушы микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы көрсетілетін қызметті берушіге ерікті түрде өтініш білдірген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушіге ерікті түрде өтініш білдіруге байланысты микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы өтінішті (бұдан әрі-лицензияның қолданысын тоқтату туралы өтініш) ұсынады.

22. Лицензияның қолданысын тоқтату туралы өтінішке портал арқылы электрондық түрде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданысын тоқтату туралы көрсетілетін қызметті берушіге ерікті түрде өтініш жасауы туралы шешімі;

2) барлық міндеттеменің орындалуын растайтын хат;

3) лицензияның қолданысын тоқтату туралы өтініш жіберілген күннің алдындағы соңғы жұмыс күнгі жағдай бойынша жасалған бухгалтерлік баланс және оған түсіндірме жазба. Бухгалтерлік балансқа түсіндірме жазбада кредиторлық берешек сомасын және оның туындау негіздерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының кредиторлары (олар бар болса) туралы ақпарат жария етіледі;

4) Қағидалардың 23-тармағы талаптарының орындалуын растайтын ақпарат.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданысын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасауы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 60 (алпыс) және одан көп күн бұрын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын кемінде бір мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

24. Лицензияның қолданысын тоқтату туралы өтінішті көрсетілетін қызметті беруші Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қарайды.

25. Лицензияның қолданысын тоқтату туралы көрсетілетін қызметті берушіге ерікті түрде өтініш жасау көрсетілетін қызметті алушы мынадай шарттарды орындаған кезде жүргізіледі:

1) Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсыну ;

2) көрсетілетін қызметті алушының міндеттемелерінің болмауы.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2021 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Көрсетілетін қызметті алушы Қағидалардың 25-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданысын тоқтатудан бас тартады. Көрсетілетін қызметті алушы микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы өтінішті қайта ұсынған кезде, оны көрсетілетін қызметті берушінің қарау мерзімін есептеу оны қайта ұсынған күннен басталады.

27. Көрсетілетін қызметті берушінің микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданысын тоқтату мүмкіндігі туралы хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушы қағаз тасымалдағышта берілген лицензияның түпнұсқасын көрсетілетін қызметті берушіге қайтарады.

Көрсетілетін қызметті берушінің микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияның қолданысын тоқтату мүмкіндігі туралы хатын алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіні микроқаржы ұйымының атауынан "микроқаржы ұйымы" деген сөздерді немесе "МҚҰ" деген аббревиатураны, кредиттік серіктестіктің атауынан "кредиттік серіктестік" деген сөздерді, ломбардтың атауынан "ломбард" деген сөзді алып тастау бөлігінде мемлекеттік қайта тіркеу туралы хабардар етеді.

4-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

28. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оның орнындағы адамның атына қолма-қол жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

29. Шағымда:

1) көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оның орнындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) көрсетілетін қызметті алушының толық атауы және орналасқан жері;

3) көрсетілетін қызметті алушының (филиалдың және өкілдіктің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

4) көрсетілетін қызметті берушінің атауы және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

5) шағым беруші адам өзінің талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін мән-жайлар;

6) шығыс нөмірі және шағым беру күні;

7) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

30. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі болып табылатын адам қол қояды.

31. Көрсетілетін қызметті беруші басшысының шағымды қабылдағанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

32. Портал арқылы өтініш жасаған кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефондары арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеу барысында жаңартылып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

33. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

34. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру"		
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері:		
1) лицензия алу; 2) лицензияның телнұсқасын алу; 3) лицензияны қайта ресімдеу		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
		Порталға жүгінген күннен бастап:

3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия (бұдан әрі – лицензия) беру кезінде – 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні ішінде; көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей; лицензияның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (толық автоматтандырылған)
5.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі	Лицензияны, лицензияның телнұсқасын беру, лицензияны қайта ресімдеу туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Лицензиялық алымдар: 1) лицензия бергені үшін 30 (отыз) айлық есептік көрсеткішті құрайды; 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензияны бергені үшін мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды. 3) лицензияны телнұсқасын бергені үшін лицензияны бергені үшін мөлшерлеменің 100 (жүз) пайызын құрайды. Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер, бейрезидент-банктердің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол емес нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 80 және 81-баптарына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) 3 және 5-баптарына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; өтініштерді қабылдау кестесі және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін жіберу сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін порталға жүгінген кезде: 1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы электрондық өтініш; 2) жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінің төленгенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері. Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінің төленгенін растайтын құжаттар ретінде мынадай құжаттар ұсынылады: көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына жарна ретінде ақшаның банк шотына есепке

жатқызылғанын растайтын және лицензия алуға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес берілген екінші деңгейдегі банктің құжаты (оның ішінде клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірме);

3) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерінің сақталуы туралы мәліметтер (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

4) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жеке қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

5) жарғының электрондық көшірмесі және бар болса шаруашылық серіктестіктің қатысушыларының тізілімі, не бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары берген одан үзінді-көшірме;

6) Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес, құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша мыналарды:

Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы ірі қатысушының (ірі акционерінің) атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) және басқару органының (байқау кеңесінің, бар болса) бірінші басшысы туралы мәліметтерді; заңды тұлға - ірі қатысушының атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) бірінші басшысының және басқару органының (болған кезде байқау кеңесінің) бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың

көшірмелерін (шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін); заңды тұлға – ірі қатысушының атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) бірінші басшысының және басқару органының (байқау кеңесінің), бар болса) бірінші басшысында азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) олардың азаматтығы бар елдің мемлекеттік органы берген (олардың тұрақты тұратын елінің - азаматтығы жоқ адамдар үшін) заңды тұлға - ірі қатысушының (ірі акционерінің) атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) бірінші басшысының және басқару органының (байқау кеңесінің), бар болса) бірінші басшысы соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растайтын құжатты қоса берумен жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе көрсетілетін қызметті алушының дауыс беретін (артықшылықты) акцияларының он немесе одан да көп пайызына тікелей немесе жанама иелік ететін, заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушы (акционер) туралы мәліметтер. Көрсетілген құжаттарды беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжаттарда олардың өзге қолданыс мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын

адамдарға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растау уәкілетті органның атына азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен жіберіледі;

7) Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес, құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша мыналарды:

жеке тұлға – ірі қатысушының (ірі акционердің) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін);

жеке тұлға - ірі қатысушының (ірі акционердің) атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамда) және басқару органының (байқау кеңесінің), бар болса) бірінші басшысында азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) олардың азаматтығы бар елдің мемлекеттік органы берген (олардың тұрақты тұратын елінің - азаматтығы жоқ адамдар үшін) жеке тұлға - ірі қатысушының (ірі акционердің) атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адам) және басқару органының (байқау кеңесінің, бар болса) бірінші басшысы соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растайтын құжатты қоса берумен жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе жеке тұлға болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының дауыс беретін (артықшылықты акцияларын есепке алмағанда) акцияларының он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе

жанама иеленетін ірі қатысушы (акционер) туралы мәліметтер. Көрсетілген құжаттарды беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжаттарда олардың өзге қолданыс мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Егер мемлекеттік органы қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растау уәкілетті органның атына азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен жіберіледі;

8) Қағидаларға 2-3-қосымшаға сәйкес, құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша мыналарды:

басшы қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін); көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінде азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) олардың азаматтығы бар елдің (олардың тұрақты тұратын елінің - азаматтығы жоқ адамдар үшін) немесе көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растайтын құжатты қоса берумен көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері туралы мәліметтер. Көрсетілген құжаттарды беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжаттарда олардың өзге

қолданыс мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Егер мемлекеттік органы қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растау уәкілетті органның атына азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен жіберіледі;

9) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ломбард жайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және техникалық нығайту жүйесі туралы мәліметтер (ломбардтар үшін) (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде);

10) ішкі бақылау қызметінің басшы қызметкерлерін, қызметкерлерін жалдау және (немесе) тағайындауды (сайлау) растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (бар болса);

11) микрокредиттер беру қағидаларының электрондық көшірмелері;

12) басшы қызметкерлердің жоғары білімінің болуын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Шет тілінде ұсынылатын құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабының 1-тармағының 9) тармақшасына, 36-бабының 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес нотариалды куәландырылуға тиіс;

13) филиалдар және өкілдіктер туралы ережелердің электрондық көшірмелері (бар болса).

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

үшін (егер алдында берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) порталға жүгінген кезде:

1) лицензияның телнұсқасын алу туралы еркін нысанда жазылған электрондық өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияның телнұсқасын беру кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы аты (микроқаржылық қызмет түрінің, ұйымдық-құқықтық нысанның өзгеруіне әкеп соқпайтын), орналасқан жері (микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталын ұлғайтуға әкеп соқпайтын) өзгерген, бірігу немесе қосылу нысанында қайта ұйымдастырылған кезде лицензияны порталда қайта ресімдеу үшін жүгінген кезде:

1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы электрондық өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері.

4) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті капиталдың ең төмен мөлшерін сақтау туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушы ұйымның орналасқан жері өзгерген (жарғылық капиталды ұлғайтуға әкеп соғатын), қызмет түрінің, ұйымдық-құқықтық нысанның өзгерген (қайта құру), бөлу немесе бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастырылған кезде лицензияны порталда қайта ресімдеу үшін жүгінген кезде:

1) Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы электрондық өтініш;

2) жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінің төленгенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінің төленгенін растайтын құжаттар ретінде мынадай құжаттар ұсынылады, көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына жарна ретінде ақшаның банк шотына есепке жазылғанын растайтын және лицензияны алуға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес берілген екінші деңгейдегі банктің құжаты (оның ішінде клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірме);

3) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерінің сақталуы туралы мәліметтер (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

4) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

5) жарғының электрондық көшірмесі және бар болса, шаруашылық серіктестіктің қатысушыларының тізілімі не бағалы қағаздар ұстаушыларының

тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары берген одан үзінді-көшірме;

6) Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша мыналарды:

Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы ірі қатысушының (ірі акционерінің) атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) және басқару органының (байқау кеңесінің, бар болса) бірінші басшысы туралы мәліметтерді; атқарушы органның (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) бірінші басшысының және басқару органының (байқау кеңесінің, бар болса) ірі қатысушы (ірі акционер) – заңды тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатының көшірмелерін (шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін);

заңды тұлға - ірі қатысушының (ірі акционерінің) атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) бірінші басшысының және басқару органының (байқау кеңесінің), бар болса) бірінші басшысында азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) олардың азаматтығы бар елдің мемлекеттік органы берген (олардың тұрақты тұратын елінің - азаматтығы жоқ адамдар үшін) заңды тұлға - ірі қатысушының атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) бірінші басшысының және басқару органының (байқау кеңесінің, бар болса) бірінші басшысы соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің

мемлекеттік органы берген азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растайтын құжатты қоса берумен көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы (ірі акционері) туралы мәліметтер. Көрсетілген құжаттарды беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжаттарда оларды қолданудың өзге қолданыс мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті болатын елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растау уәкілетті органның атына азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен жіберіледі;

7) Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес құжаттарды беру күнінің алдындағы жағдай бойынша көрсетілетін қызметті алушының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы (ірі акционері) туралы мәліметтер, мыналарды қоса бере отырып:

ірі қатысушы (ірі акционер) – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат көшірмелері (шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар);

көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысында (ірі акционерінде) – жеке тұлғада азаматтығы бар елдегі (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдегі (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстары үшін, олардың азаматтығы бар елдің (олардың тұрақты тұратын елі - азаматтығы жоқ адамдар үшін) не

көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы (ірі акционері) – жеке тұлға соңғы 15 (он бес) жыл ішінде тұрақты тұратын елдің мемлекеттік органы берген, алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растайтын құжат. Көрсетілген құжаттарды беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжаттарда оларды қолданудың өзге қолданыс мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті болатын елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растау уәкілетті органның атына азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен жіберіледі;

8) Қағидаларға 2-3-қосымшаға сәйкес, құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша мыналарды:

басшы қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін);

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінде азаматтығы бар елдегі (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдегі (азаматтығы жоқ адамдар үшін) олардың азаматтығы бар елдің (олардың тұрақты тұратын елінің - азаматтығы жоқ адамдар үшін) немесе көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растайтын құжатты қоса берумен көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері туралы

мәліметтер. Көрсетілген құжаттарды беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжаттарда оларды қолданудың өзге қолданыс мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті болатын елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растау уәкілетті органның атына азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен жіберіледі;

9) микроқаржы ұйымынан немесе кредиттік серіктестіктен ломбардқа микроқаржылық қызмет түрі өзгерген кезде Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ломбард үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жүйесі туралы мәліметтер (ломбардтар үшін) (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде);

10) ішкі бақылау қызметінің басшы қызметкерлерін, қызметкерлерін жалдау және (немесе) тағайындауды (сайлауды) растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (бар болса);

11) микрокредиттер беру қағидаларының электрондық көшірмесі;

12) басшы қызметкерде жоғары білімінің болуын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушы ұйымдық-құқықтық нысаны (қайта құрылуы) өзгерген жағдайларда лицензияны қайта ресімдеу үшін жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігін

		растайтын құжаттар мен мәліметтер құжаттардың мәліметтері және (немесе) мазмұны өзгерген және (немесе) құжаттардың қолданылу мерзімі өткен жағдайларды қоспағанда, ұсынылмайды. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініште көрсетілетін қызметті берушіге бұрын ұсынылған құжаттар мен мәліметтер туралы мәліметтер (шығыс құжаттың күні, нөмірі) көрсетіледі.
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Лицензия беруден бас тарту үшін негіздер: 1) ұсынылған құжаттардың Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, сондай-ақ осы құжаттарда көрсетілуге жататын дәйексіз мәліметтер мен ақпарат беру; 2) егер көрсетілетін қызметті алушы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күнінен бастап 6 (алты) ай ішінде микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу туралы өтінішпен жүгінбесе; 3) "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңның (бұдан әрі - Заң) 11, 12, 13 -баптарында және 14-бабының 5 және 6-тармақтарында, 14-1-бабының 3-тармағында белгіленген талаптардың бірін сақтамау; 4) Заңның 31-бабының 1-тармағында белгіленген мемлекеттік қайта тіркеу мерзімін сақтамау; 5) микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш берген кезде Заңның 31-бабының 2-1-тармағында белгіленген мерзімді сақтамау; 6) егер қызмет көрсету мәні қаржылық қызметтерді көрсету болып табылатын көрсетілетін

		қызметті алушы үшін қызметтің түрімен айналысуға Заңмен тыйым салынса; 7) лицензиялық алым енгізілмесе; 8) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе; 9) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың лицензиялауға жататын қызметті тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса ; 10) сот орындаушысы ұсынымының негізінде сот көрсетілетін қызметті алушыға лицензия беруге уақытша тыйым салса; 11) лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі белгіленсе. Лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер: 1) Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген жағдайда; 2) біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік

қызметтер көрсету мәселесі
жөніндегі бірыңғай байланыс
орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
1-1-қосымша

Нысан

Басшы қызметкерлер құрамында болған өзгерістер туралы мәліметтер (микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның атауы)

Ескерту. Қағидалар 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Басшы қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	Лауазымы	Күні және орын алған өзгеріс	Еңбек шартын тағайындау (сайлау), ауыстыру, бұзу (өкілеттігін тоқтату) туралы шешімнің бұйрықтың) нөмірі, күні	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек шартын бұзу (өкілеттігін тоқтату) негіздері
1	2	3	4	5	6

Ескертпе: күні және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлерінің құрамында қандай өзгерістер болғандығы (лауазымға тағайындау (сайлау), басқа лауазымға ауыстыру, еңбек шартын бұзу (өкілеттігін тоқтату) 4-бағанда көрсетіледі.

Тағайындалған (сайланған) басшы қызметкердің басшы қызметкерлерге қойылатын талаптарға сәйкестігін растаймыз.

Еңбек шарты бұзылған (өкілеттігі тоқтатылған) жағдайда атқарушы орган басшысының, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның бас бухгалтерінің өкілеттіктері берілген адамдар көрсетіледі.

Қосымша (парақ санын көрсете отырып):

Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)

(қолы)

20 __ ЖЫЛҒЫ " __ " ____

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2026 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруді сұраймын:

(микроқаржылық қызметтің түрі)

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй, офис нөмірі)

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса))

(телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, интернет-ресурс)

2. Жарияланған акцияларды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің күні (акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалар үшін), көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының мөлшері, сондай-ақ растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қызметті алушының жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін (акцияларын) иелену үшін құрылтайшылар (қатысушылар), акционерлер қолданған дереккөздердің сипаты

3. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою құралын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйеге қосылу туралы талап орындалды ма

иә (жоқ)

4. Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені орнату бойынша талаптар орындалды ма

иә (жоқ)

5. Мемлекеттің қатысуымен кредиттік бюроға ақпарат беру туралы шарт жасау талабы орындалды ма

иә (жоқ).

6. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша даналар және парақтар саны:

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қоса берілетін құжаттар мен ақпараттың дәйектілігін және толықтығын растайды. Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.
Көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (растайтын құжаттарды қоса бере отырып).

(электрондық цифрлық қолтаңба) (күні)

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
2-1-қосымша

Заңды тұлға болып табылатын, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының (артықшылықты акцияларын шегергенде) он немесе одан астам пайызын тікелей немесе жанама иеленетін ірі қатысушы (ірі акционер) _____
_____ (микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның толық атауы)
туралы мәлімет

Ескерту. Қағида 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы (ірі акционері)

(толық атауы)

2. Орналасқан жері және нақты мекенжайы

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй, офис нөмірі)

(қаланың коды, телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, интернет-ресурс)

3. Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

(құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні, кім берген)

4. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

5. Қызмет түрі

(негізгі қызмет түрлерін көрсету)

6. Қазақстан Республикасының резиденті немесе бейрезиденті

7. Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе ірі қатысушыға (ірі акционерге) тиесілі дауыс беруші акциялары санының көрсетілетін қызметті алушының дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы

8. Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесіне (көрсетілетін қызметті алушының акцияларын төлеуге) ақша енгізер алдында ірі қатысушының (ірі акционердің) меншікті капиталының мөлшері және көрсетілетін

қызметті алушының жарғылық капиталына қатысу үлесіне (көрсетілетін қызметті алушының акцияларын төлеу) енгізілген сома, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталына (акцияларына) қатысу үлестерін иелену үшін қолданылған дереккөздерді сипаттамасы

9. Тізбесін Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабы 16-тармағының 5) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін офшорлық аймақтарда тіркеуінің болуы туралы, тұрғылықты тұратын жері немесе орналасқан жері туралы мәліметтер

_____ иә (жоқ)

10. Заңды тұлғалардың атауларын, қызмет түрлерін, орналасқан жерлерін және мемлекеттік тіркелуі туралы деректерді, жарғылық капиталға қатысу үлесін немесе ірі қатысушыға (ірі акционерге) тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасын (пайызбен) көрсете отырып, ірі қатысушының (ірі акционердің) ірі қатысушы (ірі акционер) ретінде өзге де заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы мәліметтер

11. Ұйымдардың атауын, орналасқан жерін көрсете отырып, ірі қатысушы (ірі акционер) қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы мәліметтер

12. Ірі қатысушы (ірі акционер) атқарушы органының (атқарушы органның функциясын жеке-дара орындайтын тұлға) және басқарушы органының (бар болса, бақылаушы кеңестің) бірінші басшысы туралы мәліметтер

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландырған құжатта көрсетілген болса)

13. Ірі қатысушы (ірі акционер) "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 2-тармағының 1), 1-1), 2), 2-1), 3), 4), 5), 6), 7) және 9)

тармақшаларында көзделген негіздер бойынша уәкілетті орган осы микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын микроқаржы ұйымын микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның құрылтайшысы болғаны не болмағаны туралы мәліметтер

_____ (иә (жоқ), ұйымның атауын, лауазымын, жұмыс істеген кезеңін көрсету). Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны

кұрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

20__ жылғы " __ " _____

Ірі қатысушының (ірі акционердің) атқарушы органы басшысының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) немесе оның міндеттерін атқарушы тұлғаның қолы.

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
2-2-қосымша
фотосурет
орны

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесінің немесе дауыс беретін (артықшылықты акцияларды қоспағанда) акцияларының он немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленетін ірі қатысушы (ірі акционер) – жеке тұлға, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы (ірі акционері) - заңды тұлғаның басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, бас бухгалтері _____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) лауазымы) туралы мәліметтер

Ескерту. Қағида 2-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; ; жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы (ірі акционері) – жеке тұлға (бұдан әрі – ірі қатысушы (ірі акционер), көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы (ірі акционері) – заңды тұлғаның басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері (бұдан әрі – басшы қызметкер) туралы жалпы мәліметтер:

Туған жылы мен орны	
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
Телефон нөмірі (қала коды, жұмыс және үй)	

2. Білімі:

№	Оқу орнының атауы	Оқуға түскен жылы – оқуды аяқтаған жылы	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері
1	2	3	4	5

3. Оның құрамындағы ірі қатысушы (ірі акционер), басшы қызметкер дауыс беретін акцияларға тікелей немесе жанама иелік ететін не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлғалар туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің түрі	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе ірі қатысушыға (ірі акционерге), басшы қызметкерге тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның орналастырылған (артықшылықты және сатып алынған акцияларды қоспағанда) акцияларының жалпы санына қатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

Ескертпе: 4-бағанда ірі қатысушының (ірі акционер), басшы қызметкердің сенімгерлік басқаруындағы үлесті, сондай-ақ иелену нәтижесінде ірі қатысушы (ірі акционер), басшы қызметкер өзге тұлғалармен бірлесіп заңды тұлғаның ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын үлестер (акциялар) санын есепке алғандағы үлесті көрсету қажет.

4. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Осы тармақта ірі қатысушының (ірі акционер), басшы қызметкердің қаржы ұйымдарындағы еңбек қызметі туралы мәліметтер, оның ішінде жоғары оқу орнын бітірген күннен бастап, сондай-ақ ірі қатысушының (ірі акционер), басшы қызметкердің еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезеңі көрсетіледі.

№	Жұмыс істеу кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы	Тәртіптік жазаның бар-жоқтығы	Жұмыстан шығу, лауазымынан босатылу себептері	Өзге де мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе:

1) егер ұйым Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымының тіркелген елі 3-бағанда көрсетіледі;

2) қаржы ұйымының дербес құрылымдық бөлімшесінің (департамент, басқарма, филиал) басшысы (басшының орынбасары) қаржы басқарушысы және (немесе) атқарушы директор лауазымына орналасқан жағдайда жетекшілік ететін бөлімшелер, осы ұйымда қаржылық қызметтер көрсетуге байланысты мәселелер 7-бағанда көрсетіледі;

3) аудиторлық қызмет саласында реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органда жұмыс өтілі болған жағдайда, қаржы ұйымдарына аудит жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді реттеуге қатысты негізгі функционалдық міндеттер 7-бағанда көрсетіледі.

5. Ірі қатысушының (ірі акционердің), басшы қызметкердің инвестициялық комитеттердегі, ұйымдардағы мүшелігі туралы мәліметтер:

№	Кезең (күні, айы, жылы)	Ұйымның атауы	Лауазымы	Жұмыстан шығу, лауазымынан босатылу себептері
1	2	3	4	5

6. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інілері, әпке-сіңлілері, балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інілері, әпке-сіңлілері, балалары) туралы мәліметтер (акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы микроқаржы ұйымдарының, ломбардтардың басшы қызметкерлері бойынша толтырылмайды):

№	Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса)	Ж е к е сәйкестендіру нөмірі	Туыстық қатынастары	Жұмыс орны және лауазымы
1	2	3	4	5

Ескертпе: осы тармақта көрсетілген тұлғалар болмаған жағдайда барлық бағандарда "жоқ" деп көрсетіледі.

7. Тізбесін Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабы 16-тармағының 5) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін офшорлық аймақтарда көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушы (ірі акционері) – жеке тұлға, басшы қызметкердің тіркеуінің болуы туралы, тұрғылықты тұратын жері немесе орналасқан жері туралы мәліметтер

_____ иә (жоқ)

8. Көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы (ірі акционері) – жеке тұлға, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 2-тармағының 1), 1-1), 2), 2-1), 3), 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша уәкілетті орган осы микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын микроқаржы ұйымын микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның бірінші басшысы немесе құрылтайшысы (қатысушысы) болғаны не болмағаны туралы мәліметтер

_____ (иә (жоқ),

ұйымның атауын, лауазымын, жұмыс кезеңін көрсету).

9. Көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы (ірі акционері) – жеке тұлға уәкілетті орган банкке реттеу режимін қолдану туралы шешімді, қаржы ұйымын,

Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокері филиалын лицензиядан айыру туралы шешімді қабылдағанға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге не Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін дейін бір жылдан аспайтын кезеңде ірі қатысушы – жеке тұлғаның не ірі қатысушы – заңды тұлғаның басшы қызметкері және (немесе) қаржы ұйымының басшы қызметкері, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокері филиалының басшысы немесе басшысының орынбасары болып табылғаны не табылатындығы туралы мәліметтер

_____ (иә (жоқ),
ұйымның атауын, лауазымын, жұмыс кезеңін көрсету).

10. Тағайындалған (сайланған) күнге дейін ірі қатысушы (ірі акционер), басшы қызметкер сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін жауапкершілікке және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жазаға тартылғаны не тартылмағаны

_____ (иә (жоқ),

_____ (құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаттамасы, жауапкершілікке тарту негіздерін көрсете отырып, тәртіптік жаза қолдану туралы актінің немесе сот актісінің деректемелері).

11. Осы арқылы өзімнің және жұбайымның (зайыбымның), жақын туыстарымның (ата-анамның, аға-інілерімнің, әпке-сіңлілерімнің, балаларымның) және жекжаттарымның (жұбайымның) зайыбымның ата-анасының, аға-інілерінің, әпке-сіңлілерінің, балаларының) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 және 12-1-баптарына сәйкес жасалатын террористік әрекетке қатысы бар тұлғалардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілмегенімді-енгізілмегенін растаймын

_____ иә (жоқ)

Ескертпе: осы Қосымшаның 6-тармағында көрсетілген ірі қатысушының (ірі акционер), басшы қызметкердің жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інілері, әпке-сіңлілері, балалары) және жекжаттары (жұбайының) зайыбының ата-анасы, аға-інілері, әпке-сіңлілері, балалары).

Мен бұл ақпаратты тексергенімді және оның дәйекті және толық екендігін растаймын, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделімнің бар екендігін растаймын.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілетін болса)

_____ (өз қолымен баспа әріптерімен толтырылады)

Қолы _____

Күні _____

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
2-3-қосымша
Нысан
фотосурет орны

Көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерлері туралы мәліметтер _____
_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болса), лауазымы

Ескерту. Қағида 2-3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2026 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы мәліметтер:

Туған күні және жері	
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі	

2. Білімі:

№	Оқу орнының атауы	Түскен жылы - аяқтаған жылы	Мамандығы	Білімі туралы дипломының деректемелері (күні және нөмірі (бар болса))
1	2	3	4	5

3. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інілері, әпке-сіңлілері, балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інілері, әпке-сіңлілері, балалары) туралы мәліметтер (акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы микроқаржы ұйымдарының, ломбардтардың басшы қызметкерлері бойынша толтырылмайды):

№	Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке б а с ы н куәландыратын құжатта көрсетілген болса)	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Туыстық қатынастары	Жұмыс орны және лауазымы
1	2	3	4	5

Ескертпе: осы тармақта көрсетілген тұлғалар болмайтын жағдайда барлық бағанда " жоқ" деп көрсетіледі.

4. Көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы немесе акцияларына иелік етуі туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан орны	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкеріне тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беруші акцияларының санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

Ескертпе: 4-бағанда басшы қызметкердің сенімгерлік басқаруындағы үлесті, сондай-ақ иелену нәтижесінде басшы қызметкер өзге тұлғалармен бірлесіп ірі қатысушы (ірі акционер) болып табылатын акциялар (үлестер) санын есептегендегі үлесті көрсету қажет.

5. Еңбек қызметі туралы мәліметтер (көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің тұтастай еңбек қызметі туралы мәліметтер (сондай-ақ басқару органындағы мүшелігі), оның ішінде жоғары оқу орнын аяқтаған күннен бастап, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезең көрсетіледі):

№	Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы	Жұмыстан шығу , лауазымынан босатылу себептері	Жетекшілік ететін бөлімшелер, негізгі функционалдық міндеттер
1	2	3	4	5	6

Ескертпе:

1) ұйым Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын жағдайда 3-бағанда Қазақстан Республикасы бейрезидент ұйымының тіркелген елі көрсетіледі;

2) көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері (микроқаржы ұйымы үшін) Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-4-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген лауазымдарды атқаратын жағдайда жетекшілік ететін бөлімшелер, 6-бағанда оның құзыретіне кіретін мәселелер көрсетіледі.

6. Мынадай:

банкке реттеу режимін қолдануға;

қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымын, филиалды оларды таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соққан лицензиядан айыру;

қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы сот актісі заңды күшіне енгенге;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот актісі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері лауазымына тағайындалған күннің алдындағы он жыл ішінде тұлғаның қаржы ұйымының басшы қызметкері, филиал басшысы, қаржы ұйымының басқару органының мүшесі, атқарушы органның басшысы, оның орынбасары немесе атқарушы органның мүшесі, бас бухгалтері, бас бухгалтердің орынбасары, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокері филиалының басшысы, басшының орынбасары, бас бухгалтері, бас бухгалтердің орынбасары, қаржы ұйымының, оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент қаржы ұйымының ірі қатысушы-жеке тұлғасы, ірі қатысушысы (банк холдингі)-заңды тұлғаның басшысы болып табылмағаны туралы мәліметтер:

(иә (жоқ), ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс істеген кезеңі көрсетілсін)

7. Басшы қызметкерден құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы соңғы он екі ай ішінде оны осы және (немесе) өзге де қаржы ұйымында, осы және (немесе) өзге де Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалында, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында

, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерінің филиалында басшы қызметкер лауазымы тағайындауға (сайлауға) келісімі кері қайтарылғаны-қайтарылмағаны туралы мәліметтер

иә (жоқ)

8. Көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін жауапкершілікке тартылғаны немесе тағайындалған (сайланған) күнінен бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жазаға тартылған-тартылмағандығы

иә (жоқ)

жауапкершілікке тарту негіздерін көрсете отырып,

құқық бұзушылықтың, қылмыстың, сот шешімінің қысқаша сипаттамасы.

9. Көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің бұрын қатарынан төрт және одан да көп кезең ішінде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не өзі бойынша дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу жөніндегі берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлеу күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын соманы құрайтын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушысының (ірі акционерінің) - заңды тұлғасының - эмитенттің ірі қатысушы (ірі акционері) - жеке тұлғасы, басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болып табылғаны не табылмағаны туралы мәліметтер

иә (жоқ),

(заңды тұлғаның атауы,

лауазымы, жұмыс істеген кезеңі)

10. Өтелмеген немесе алынбаған соттылығының бар екендігі туралы мәліметтер

11. Басшы қызметкерге қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымына орналасу және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің бар екендігі туралы мәліметтер

—

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның толық атауы Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2021 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Лицензия нөмірі _____ Берілген күні " ____ " _____ жыл

(микроқаржы ұйымның, кредиттік серіктестіктің, ломбардтың атауы)

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үйдің, офистің нөмірі)

Осы лицензия мынадай микроқаржылық қызметті жүзеге асыру құқығын береді:

(микроқаржылық қызметтің түрі)

Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңба)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
4-қосымша

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия

байланысты

(лицензияны қайта ресімдеу себебін көрсету)

қайта ресімдеуді сұраймын.

1. Көрсетілетін қызметті алушының атауы, орналасқан жері

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй, офис нөмірі)

(телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, интернет-ресурс)

2. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия туралы деректер

(лицензия нөмірі, берілген күні, берген мемлекеттік органның атауы)

3. Заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру жөніндегі мәліметтер:

№	Қайта ұйымдастыру туралы ақпарат	Атауы	БСН
1.	Қосу нысанында қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар бойынша мәліметтер		
1.1.	Қосу нысанында қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың атауы		
1.2.	Қосу нысанында құрылған заңды тұлғаның атауы		
2.	Қосылу нысанында қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар бойынша мәліметтер		
2.1.	Қосылған заңды тұлғаның атауы		
2.2.	Заңды тұлға қосылған заңды тұлғаның атауы		

4. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша дана мен парақ саны

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қоса берілетін құжаттар (ақпараттың) анықтығын растайды.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (растайтын құжаттарды қоса бере отырып).

(электрондық цифрлық қолтаңба) (күні)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - қаулысымен.

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
4-1-қосымша

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш

Ескерту. 4-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2021 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия

байланысты (лицензияны қайта ресімдеу себебін көрсету) қайта ресімдеуді сұраймын.

1. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия туралы деректер

_____. (лицензия нөмірі, берілген күні, берген мемлекеттік органның атауы)

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:

2. Атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй, офис нөмірі)

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса))

(телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, интернет-ресурс)

3. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні (акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруашылық серіктестігін акционерлік қоғамға қайта ұйымдастыру нысанында қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар үшін) және көрсетілетін қызметті алушының жарғылық капиталының мөлшері

4. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою құралын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйеге қосылу туралы талап орындалды ма

_____ иә (жоқ)

5. Мемлекет қатысатын кредиттік бюроға ақпарат беру туралы шарт жасасу туралы талап орындалды ма

_____ иә (жоқ)

6. Бухгалтерлік есепке алуды автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені орнату талабы орындалды ма

иә (жоқ)

7. Заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру жөніндегі мәліметтер:

№	Қайта ұйымдастыру туралы ақпарат	Атауы	БСН
1.	Бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар бойынша мәліметтер		
1.1	Бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның атауы		
1.2	Бөлініп шығу нысанында қ а й т а ұйымдастырылғаннан кейін құрылған заңды тұлғалардың атауы		
2.	Бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар бойынша мәліметтер		
2.1	Бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның атауы		
2.2	Бөліну нысанында қайта ұйымдастырылғаннан кейін құрылған заңды тұлғалардың атауы		
3.	Қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар бойынша мәліметтер		
3.1	Қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның атауы		
3.2	Қ а й т а ұйымдастырылғаннан кейін қайта құру нысанында құрылған заңды тұлғаның атауы		

8. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша дана мен парақ саны:

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қоса берілетін құжаттар мен ақпараттың анықтығын және толықтығын растайды.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (растайтын құжаттарды қоса бере отырып).

(электрондық цифрлық қолтаңбасы) (күні)

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Көрсетілетін қызметті берушіге ерікті өтініш білдіруге байланысты микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтініш

(көрсетілетін қызметті алушының атауы)

көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының _____ жылғы " _____ "

№ _____ шешіміне сәйкес микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген

_____ лицензияның қолданысын тоқтатуды
(лицензия нөмірі, берілген күні)
жүзеге асыруды сұрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қоса берілетін құжаттар (ақпараттың) анықтығын растайды. Ұсынылатын құжаттар (жіберілетін құжаттардың атаулы тізбесін, олардың әрқайсысы бойынша дана мен парақ санын көрсету)

_____ .
Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (растаушы құжаттарды қоса бере отырып).

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңба)

(күні)

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерін сақтау туралы мәліметтер

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның атауы	Өтініш берілген күндегі меншікті капиталдың мөлшері (мың теңгемен)
--	--

_____ жылғы " _____ "

мәліметтерді беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

және қолы (растаушы құжаттарды қоса бере отырып)

Микроқаржылық қызметті
лицензиялау қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Ломбардтың үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жүйесі туралы мәліметтер

_____ үй-жайы

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19709 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 226 қаулысымен бекітілген Ломбардта заттарды сақтау, ломбардтардың үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, ломбардтарда заңсыз алынған заттардың айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды белгілеу мәселелерін қоса алғанда, ломбардтардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына (бұдан әрі – № 226 қағидалар) сәйкес болатын мынадай аймақтардан тұрады.

Үй-жайдың (үй-жайлардың) орналасқан жері: _____		
Ломбардтың үй-жайы	Сипаттама (еркін нысанда сипаттау)	№ 226 қағидалардың 9-тармағына сәйкес бейнебақылау жүйелерімен, күзет сигнализациясымен және шұғыл шақыру пультімен жабдықталуы (бар (жоқ))
Операциялық касса		
Клиенттерге қызмет көрсету аймағы		
Заттарды сақтау орны		

_____ жылғы " _____ "

_____ мәліметтерді беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

және қолы (растаушы құжаттарды қоса бере отырып)

Ескертпе: әртүрлі мекенжайлар бойынша орналасқан үй-жайлардың сипаттауы сәйкес келсе мәліметтерді үй-жайлардың бірнеше мекенжайларын көрсете отырып толтыруға болады

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыру бойынша біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2021 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.09.2021 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.04.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.03.2026 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

р/с №	Біліктілік талаптары	Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар
1	2	3
1.	Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйенің болуы	Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініште көрсетілген, бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйенің болуы туралы мәліметтер. Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініште көрсетілген, бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйенің болуы туралы мәліметтер.
2.	Микроқаржылық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті қызметкерлердің болуы	Басшы қызметкерлерді, ішкі бақылау қызметінің қызметкерлерін (бар болса) жалдауды және (немесе) тағайындауды (сайлауды) растайтын құжаттар.
		Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19629 болып тіркелген, "Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның

3.	Жарғылық капиталдың ең төмен мөлшерін төлеу	сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қарашадағы № 192 қаулысында белгіленген жарғылық капиталдың ең төмен мөлшерін төлеуді растайтын құжаттардың көшірмелері.
4.	Меншікті капиталдың ең төмен мөлшерін сақтау	Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншікті капиталдың ең төмен мөлшерін сақтау туралы мәліметтер.
5.	Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2019 жылғы 6 желтоқсанда № 19709 болып тіркелген " Ломбардта заттарды сақтау, ломбардтардың үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, ломбардтарда заңсыз алынған заттардың айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды белгілеу мәселелерін қоса алғанда, ломбардтардың қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 226 қаулысымен белгіленген үй-жайлардың (ломбардтар үшін) қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындау.	Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес үй-жайлардың қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жүйесі туралы мәліметтер (ломбардтар үшін).
6.	"Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабының талаптарына сәйкес келетін Микрокредиттер беру қағидаларының болуы	Микрокредиттер беру қағидалары.
7.	Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 31.03.2021 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.	
8.	Басшы қызметкерлердің және ірі қатысушылардың (ірі акционерлердің) жеке басын	Басшы қызметкерлер мен ірі қатысушылардың (ірі акционерлердің) жеке басын

	куәландыратын құжаттардың болуы (шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін)	куәландыратын құжаттар (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін).
9.	Басшы қызметкердің жоғары білімінің болуы	Басшы қызметкерде жоғары білімінің болуын растайтын құжаттар.
		Қағидаларға 2-3-қосымшаға сәйкес басшы қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер. Микроқаржылық қызмет туралы заңның 14-бабының 7-тармағында көзделген талапқа сәйкес болу үшін көрсетілетін қызметті алушының мынадай басшы қызметкерлері үшін еңбек стажының болуы қажет (кредиттік серіктестік пен ломбардты қоспағанда): 1) микроқаржы ұйымының атқарушы органы басшысының, байқау кеңесі (бар болса) басшысының, директорлар кеңесі (бар болса) басшысының – кемінде үш жыл, оның ішінде басшы лауазымында кемінде бір жыл; 2) байқау кеңесінің (бар болса) мүшелері, директорлар кеңесінің (бар болса) мүшелері, атқарушы органның (алқалы) мүшелері – кемінде екі жыл; 3) бас бухгалтер – кемінде екі жыл . Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-4-бабының 3-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің лауазымына орналасу (лауазымға тағайындау (сайлау) үшін мынадай жұмыс стажы ескеріледі: қаржылық көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде шетелдік ұйымдарда, заңды тұлғаларда көрсету бойынша; қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын, оның ішінде шетелдік ұйымдарда реттеу, бақылау және қадағалау бойынша; қаржы ұйымдарына аудит жүргізу, қаржы ұйымдарына, оның ішінде шетелдік ұйымдарға, заңды

9-1.	Көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінде қажетті еңбек стажының болуы	тұлғаларға аудит жүргізу жөніндегі қызметтерді реттеу бойынша; экономика, қаржы немесе мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік саяси қызметшілердің лауазымдарында; Ұлттық басқарушы холдинкте, Қазақстанның Даму Банкінде, жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорында, Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігінде Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-4-бабы 1-тармағының 4) тармақшасының жетінші абзацында көзделген лауазымдарда; тізбесі осы қаулыда белгіленетін халықаралық қаржы ұйымдарында ; қаржы ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтылымды әзірлеу бойынша; сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар актуарий ретінде; "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қаржылық қызметтер көрсетуге лицензиясы бар ұйымдарда. Еңбек стажын есептеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әкімшілік-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға, ақпараттық технологияларды дамытуға байланысты қаржы ұйымындағы, филиалдағы жұмыс (ақпараттық технологияларды және (немесе) ақпараттық қауіпсіздікті дамытуды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшенің басшысын қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамындағы жұмыс есепке алынбайды. Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-4-бабына сәйкес халықаралық қаржы ұйымдарындағы еңбек стажы кандидаттың мынадай халықаралық қаржы
-------------	--	--

ұйымдарындағы жұмысын қамтиды:

Азия даму банкі (The Asian Development Bank);

Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (The Asian Infrastructure Investment Bank);

Америкааралық даму банкі (The Inter-American Development Bank);

Африкалық даму банкі (The African Development Bank);

Дүниежүзілік Банк (The World Bank);

Дүниежүзілік сауда ұйымы (The World Bank);

Еуразиялық даму банкі (The Eurasian Development Bank);

Еуропалық инвестициялық банк (The European Investment Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (The European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропалық бағалы қағаздар және нарықтар ұйымы (The European Securities and Markets Authority);

Еуропалық банк ұйымы (The European Banking Authority);

Еуропалық банк федерациясы (The European Banking Federation);

Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (The Council of Europe Development Bank);

Еуропалық сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру ұйымы (The European Insurance and Occupational Pensions Authority);

Көпжақты Инвестициялар Кепілдігі Агенттігі (The Multilateral Investment Guarantee Agency);

Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталық (The International Centre for Settlement of Investment Disputes);

Ислам даму банкі (The Islamic Development Bank);

Исламдық қаржылық қызметтер кеңесі (The Islamic Financial Services Board);

Халықаралық сақтандыруды қадағалау қауымдастығы (The

		International Association of Insurance Supervisors); Солтүстік инвестициялық банк (The Nordic Investment Bank); Бағалы қағаздар жөніндегі халықаралық комиссиялар ұйымы (The International Organization of Securities Commissions); Халықаралық валюта қоры (The International Monetary Fund); Халықаралық Даму Қауымдастығы (The International Development Association); Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (The International Association of Deposit Insurers); Халықаралық есеп айырысу банкі (The Bank for International Settlements); Зейнетақыны қадағалау органдарының халықаралық ұйымы (The International Organisation of Pension Supervisors); Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (The International Bank for Reconstruction and Development); Халықаралық қаржы корпорациясы (The International Finance Corporation); Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (The Organisation for Economic Co-operation and Development).
	Мынадай жеке тұлға басшы қызметкер бола алмайды: 1) мінсіз іскерлік беделі жоқ. Кәсібилік және адалдықты қоса алғанда, мыналар мінсіз іскерлік беделінің болмауы өлшемшарттары болып табылады: алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болуы, оның ішінде қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылу құқығынан өмір бойы айыру түріндегі қылмыстық жазаны	

қолдану туралы заңды күшіне
енген сот шешімінің болуы;
көрсетілген тұлғаның қаржы
ұйымын мәжбүрлеп таратуға
себеп болған төлем
қабілетсіздігіне әкеп соққан
құқыққа қарсы іс-әрекеттер (
әрекетсіздік) жасағаны туралы не
банкке реттеу режимін қолдануға
қатысты мәліметтердің болуы;
қаржы мониторингі жөніндегі
уәкілетті органның мәліметтері
негізінде іс-әрекеттері қылмыстық
жолмен алынған кірістерді
зандастыруға (жылыстатуға),
терроризмді қаржыландыруға
және жаппай қырып-жою қаруын
таратуды қаржыландыруға ықпал
еткен үшінші тұлғалармен (
бақылау және үшінші
тұлғалардың ықпалы)
қатынастардың болуы;
көрсетілетін қызметті алушының
басшы қызметкері басшы
қызметкер, қаржы ұйымының,
оның ішінде Қазақстан
Республикасының бейрезидент
қаржы ұйымының ірі
қатысушысының (банк,
сақтандыру холдингі) актуарийі не
ірі қатысушысы, басшы
қызметкері бола отырып, бірнеше
рет (қатарынан соңғы он екі ай
ішінде екі және одан да көп рет)
уәкілетті орган қаржы ұйымына
қатысты қолданған ден қою
шараларының талаптарын
орындамағаны туралы
мәліметтердің болуы;
көрсетілетін қызметті алушының
басшы қызметкері Қазақстан
Республикасының бейрезидент
қаржы ұйымының төлем
қабілетсіздігіне дейін 1 (бір)
жылдан аспайтын кезеңде
Қазақстан Республикасының
бейрезидент қаржы ұйымында
акционер (қатысушы), лауазымды
адам, басқару функцияларын
орындайтын тұлға болып
табылғаны туралы мәліметтердің
болуы. Көрсетілген өлшемшарт,
сондай-ақ, егер Қазақстан
Республикасының бейрезидент

қаржы ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасында қаржылық жағдайы тұрақсыз қаржы ұйымдарына қатысты қаржылық жай – күйді жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі мәні бойынша ұқсас (ұқсас, салыстырмалы) шаралар көзделген жағдайда қолданылады; шет мемлекеттің қадағалау органынан не "Астана" халықаралық қаржы орталығында қаржылық көрсетілетін қызметтерді және олармен байланысты қызметті реттеуді жүзеге асыратын заңды тұлғадан көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің мінсіз іскерлік беделінің жоқтығы туралы ақпараттың болуы; қаржы ұйымының басшы қызметкері бола отырып, көрсетілетін қызметті алушының соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның, лауазымды адамның заңды күшіне енген шешімімен белгіленген қаржы, кәсіпкерлік қызмет, салық салу салаларында күнтізбелік он екі ай ішінде үш реттен артық әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілерінің болуы. Көрсетілген өлшемшарт адамды әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның, лауазымды адамның соңғы шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бір жыл ішінде қолданылады; қаржы ұйымының басшы қызметкері бола отырып, көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің аудитор ретінде көрінеу дәйексіз аудиторлық есепті жасау фактісінің не аудиторлық ұйымның осы адам қол қойған көрінеу дәйексіз аудиторлық есепті жасау фактісінің болуы. Көрсетілген өлшемшарт осы адамды не аудиторлық ұйымды

Қағидаларға 2-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері туралы

әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізімінде, терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде және (немесе) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 және 12-1-баптарына сәйкес жасалатын жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесінде болуы";

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерін банкрот деп тану. Көрсетілген өлшем "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен соттан тыс банкроттық рәсімінің немесе сот банкроттығы рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру Қазақстан Республикасының басшы қызметкеріне – резидентіне қатысты, сондай – ақ Қазақстан Республикасының басшы қызметкеріне-бейрезидентіне қатысты мүлікті өткізу рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жыл ішінде қолданылады немесе осындай рәсім барысында банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы;

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің айыпталушы не сотталушы (күдікті) ретінде жеке адамға қарсы, меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық

мәліметтер құжаттар ұсынылған күннің алдындағы күнгі жағдай бойынша қосымшамен бірге мынадай:

басшы қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін); көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінде азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) олардың азаматтығы бар елдің (олардың тұрақты тұратын елінің - азаматтығы жоқ адамдар үшін) не көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері соңғы 15 (он бес) жыл тұрақты өмір сүрген елдің мемлекеттік органы берген қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын құжат ұсынылады.

Көрсетілген құжаттарды беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжаттарда олардың өзге қолданыс мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Егер мемлекеттік органы қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растауды азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе олар тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі.

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініште көрсетілген мәліметтер.

Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге

құқық бұзушылықтарға байланысты, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық процеске қатысуы;

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің әрекеті (әрекетсіздігі) уәкілетті органның немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымы болып табылатын қаржылық қадағалау органы банкті (Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалын) төлемге қабілетсіз банктер (Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалдары) санатына жатқызуы, оларды таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға не қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуіне не Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) филиалы қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуіне әкеп соққан қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешімді қабылдау үшін негіз болып табылатын заңнама талаптарын бұзушылыққа әкелген қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылғаны туралы мәліметтердің болуы;

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шарасы негізінде қаржы ұйымының басшы қызметкерінің қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетілгені туралы мәліметтердің болуы. Көрсетілген талап уәкілетті органның басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді

асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініште көрсетілген мәліметтер.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкері туралы мәліметтер өзгерген жағдайда микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның атқарушы органы басшысының не лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) көрсетіле отырып және көшірменің дұрыстығы туралы белгімен оның міндетін атқарушы тұлғаның (міндеттерді атқаруды жүктеу туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) қолымен расталған растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, мәліметтер өзгерген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) өзгертілген және (немесе) толықтырылған құжаттарды (мәліметтерді) (бұдан әрі – құжаттар) ұсынады.

кері қайтарып алу туралы немесе қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету туралы шешім қабылдағаннан кейін қатарынан соңғы он екі ай ішінде қолданылады;

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері қаржы ұйымы іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) байланысты уәкілетті орган айқындаған мынадай бұзушылықтарға жол берген қаржы ұйымы бөлімшелерін бақылауды (оларға жетекшілік етуді) жүзеге асырғаны туралы мәліметтердің болуы;

қаржы ұйымының уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді қатарынан соңғы он екі ай ішінде жүйелі түрде (екі және одан да көп рет) бұзуы;

қаржы ұйымының пруденциялық нормативтердің және (немесе) уәкілетті орган белгілеген өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттердің сақталуы туралы мәліметтердің бұрмалануына әкелген есептілікті жасауы;

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерімен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 9), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21) және 25) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу фактісінің болуы;

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкері актуарий бола отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі талаптарды сақтамау фактілері туралы уәкілетті органға жүйелі түрде (қатарынан соңғы он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) хабарламағаны туралы мәліметтердің болуы;

көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің қызметінде

	уәкілетті орган мынадай бұзушылықтарды анықтаған қаржы ұйымы бөлімшелерін бақылауды (жетекшілік етуді) жүзеге асырғаны туралы мәліметтердің болуы; міндетті сақтандыру түрлерін жүргізу шарттары мен тәртібінен туындайтын сақтандыру сыйлықақысының негізсіз мөлшерін, міндеттерді орындамауды немесе тиісінше орындамауды қолдану; жүйелі түрде (екі және одан да көп рет) қатарынан соңғы он екі ай ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырмау, уақтылы жүзеге асырмау не сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асырмау; көрсетілетін қызметті алушының басшы қызметкерінің сақтандыру құпиясын немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді, актуарлық есеп айырысуларды жүргізу және (немесе) тәуелсіз актуарий ретінде қызметті жүзеге асыру барысында алынған мәліметтерді заңсыз жария еткені немесе үшінші тұлғаларға бергені туралы мәліметтердің болуы; 2) қаржы ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокері филиалының басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімі қайтарып алынған; 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тағайындалған (сайланған) күнге дейін сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған не әкімшілік жазаға тартылған.	
		Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша, заңды тұлға болып табылатын ірі

1. Мына жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы бола алмайды:

1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар жеке тұлға болып табылады;

2) тізбесін Мемлекеттік реттеу туралы заңның 9-5-бабы 16-тармағының 5) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркеуі, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бар;

3) уәкілетті орган осы микроқаржы ұйымын "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 2-тармағының 1), 1-1), 2)

қатысушы (ірі акционер) туралы мәліметтер, мына құжаттарды қоса бере отырып:

Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атқарушы органның (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын тұлға) және ірі қатысушы (ірі акционер) - заңды тұлғаның басқару органының (байқау кеңесінің) бірінші басшысы туралы мәліметтер;

ірі қатысушы (ірі акционер) – заңды тұлға (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін) атқарушы органның (атқарушы органның функцияларын жеке-дара атқаратын адамның) және басқару органының (байқау кеңесінің) бірінші басшысының (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері;

атқарушы органның бірінші басшысында (атқарушы органның функциясын жеке-дара атқаратын адамда) және ірі қатысушы басқарушы органында (ірі акционер) - заңды тұлғаның азаматтық елінде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елінде (адамдар үшін) қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығы болмаған туралы, олардың азаматтығы бар елдің не көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы (ірі акционері) – жеке тұлға соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген (олар тұрақты тұратын елдің - азаматтығы жоқ адамдар үшін) мәліметтерді растайтын құжат.

Көрсетілген құжаттардың берілген күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжатта оның қолданылу мерзімі өзге көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы

2-1), 3), 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде құрылтайшысы (акционері, қатысушысы) не басшы қызметкері бұрын микроқаржы ұйымының бірінші басшысы немесе құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын заңды тұлға болып табылса;

4) бұрын ірі қатысушы – жеке тұлға не ірі қатысушы – заңды тұлғаның бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшы қызметкері, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, сақтандыру брокері филиалының басшысы немесе басшысының орынбасары болып табылған – уәкілетті орган банкке реттеу режимін қолдану туралы шешімді, қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, сақтандыру брокерінің филиалын лицензиядан айыру туралы шешімді қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот актісі заңды күшіне енген не Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот актісі заңды күшіне енген жағдайда.

мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растау уәкілетті органның атына азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен жіберіледі.

Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес жеке тұлға болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы (ірі акционері) туралы мәліметтер, құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша, мыналарды қоса бере отырып:

ірі қатысушының (ірі акционердің) – жеке тұлғаның (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері;

ірі қатысушыда (ірі акционерде) – көрсетілетін қызметті алушының жеке тұлғасында азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) олардың азаматтығы бар елдің (олардың тұрақты тұратын елдің азаматтығы жоқ адамдар үшін) не көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушысы (ірі акционері) – жеке тұлға соңғы 15 (он бес) жыл бойы тұрақты тұрған елдің мемлекеттік органы берген қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы мәліметтерді растайтын құжат.

Көрсетілген құжаттардың берілген күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжатта оның қолданылу мерзімі өзге көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында көрсетілген

	2. Микроқаржы ұйымының ірі қатысушысы микроқаржы ұйымының атқарушы органының басшысы лауазымына тағайындалмайды (сайланбайды) (шаруашылық серіктестік нысанында құрылған микроқаржы ұйымына қолданылмайды).	мәліметтер сұратылатын адамдарға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растау уәкілетті органның атына азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен жіберіледі. Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініште көрсетілген мәліметтер; Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініште көрсетілген мәліметтер. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы (ірі акционері) туралы мәліметтер өзгерген жағдайда өзгертілген және (немесе) толықтырылған құжаттарды (мәліметтерді) уәкілетті органға микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның атқарушы органы басшысының не адамның қолымен куәландырылған құжаттар, лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) көрсетіле отырып және көшірмесінің дұрыстығына белгі қойыла отырып, оның міндетін атқарушының (міндеттерін атқаруды жүктеу туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып), өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде растайтын көшірмелерін қоса бере отырып ұсынады
	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (	Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық

12.	жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою құралын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай ақпараттық жүйеге қосу туралы талаптарды орындау	қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініште көрсетілген мәліметтер. Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу
-----	--	--